

Күнтубек Алдияр
Болат Бекжан
Назарбаев Университетінің
студенттері

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӘРЖІМА МӘСЕЛЕСІ: АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКЕМЕЛЕРІ АТАУЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ

Here we are going to elaborate briefly on the matter of giving names to organizations of the city of Astana, mainly focusing on the main questions about the relevance of the topic, problems that should be solved and the importance of the topic in translation science in Kazakhstan.

Күнделікті өмірде, яғни жұмыс не оқу барысында жиі кездесетін өзекті мәселелердің бірі – мекемелерге мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің талаптарына сай атау қою және өзге тілден төл тіліміздің заңдылықтарына сай аудару. Бұл тақырыптың өзектілігін келесі қырдан зерттеу арқылы анықтаймыз. Елордамыздың еліміздің экономикалық, саяси, инновациялық және туристік маңызы бар орталығы және қазақстандықтармен қатар шетелдік қонақтардың да жиі келетін қаласы болуы мәселеге өзектілік беріп қана қоймай, зерттеу жұмысының тақырыбының басқа қалаға емес, Астана қаласына қатысты болуын түсіндіреді.

Бұл мәселенің орын алуын және оның салдарын біз екі жерден байқаймыз. Біріншісі, мекеме атауларындағы өрескел қателер тікелей қызмет көрсету барысында кейбір түсініспеушіліктерге әкеледі. Мысалы, дұрыс емес аударылған не ана тілімізде мәні жоқ атау түпнұсқа атауынан бейхабар тұтынушының мекеменің көрсететін қызметін бірден анықтамауы мүмкін. Бұл өз орнында тұтынушылардың санының азаюына әкелетініне күмән жоқ. Екіншісі, іс-қағаздар аясында байқалады. Мысалы, шетелдік мекеменің қате аударылған, дәлірек айтсақ, қазақ тілінде мүлде жағымсыз естілетін атауы қазақстандық мекемемен келісімшартқа отыру барысын баяулатып, тіпті тоқтатып, ара-қатынастың нашарлауына әкеліп соғады. Бұған қоса, халыққа қызмет көрсету орталықтарында, өкілетті заң орындарында берілген құжаттарда мекеме атауының қате берілуі не аударылуы мекеме үшін күтпеген шығынды проблема болуы әбден ықтимал.

Жоғарыда сипатталған мысалдар өз кезегінде мемлекеттің экономикасына, мемлекетарасы қатынастарға тікелей қатынасы бар болғандықтан, үкімет немесе өкілетті органдар бұл өзекті мәселені мекемеге атау қою немесе оны өзге тілдерге дұрыс аудару туралы заңдар, не болмаса тұрақты ережелер бекітуі қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, бұл зерттеудің Қазақстандағы тәржіма жұмыстарына берер пайдасы мен мәні зор. Өйткені, бұл зерттеу жұмысының осы салаға жаңа келушілерге алғашқы түсінік беріп қана қоймай олардың әрі қарай қадам басуына ерекше ықпал етеді. Бұған қоса, тек Астана қаласындағы емес, мемлекетіміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендердегі мекемелерге дұрыс атау беруге осы зерттеудің ерекше анықтамалық бола алатынына сенімдімін.